

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛПТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

XI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5)Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№ 2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (тераға), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,
Ә. Тарап, А. Темірболат, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Баспаға дайындағандар:

Б. Баязитов, Г. Ысқақова

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XI том. Ойлар мен тол-
ғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: Д. Карагойшиева, Л. Мұсалы;
жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті,
2017. – 298 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2257-5 (11-том)

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он бірінші томында
Абайдың омірі мен шығармашылығы туралы XX ғасырда жазылған бір топ еңбектер берілді.
Әр жылдарда жазылған және абайтану саласындағы іргелі мәселелерді пайымдауга арналған
ойлар мен толғаныстардың абайтану ғылымының тарихында лайыкты орны бар.

Томға енгізілген еңбектер білім алушы жастарға, жас мамандарға, сондай-ақ зерттеу-
шілерге, ақыл-ой казнасын байту жолындағы көпшілікке арналған.

Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық
зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5)Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2257-5 (11-том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2017

Мұздыбай Бейсенбаев

АБАЙ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Семей қаласындағы Абайдың республикалық, әдеби-мемориалдық музей ұзақ мерзімге арналған перспективалық жоспар бойынша соңғы он сегіз жылда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде ұлы ақын, ағартушы-демократ Абай Құнанбаевтың заманы, өмірі, атқарған қоғамдық қызметтері жайлы соны деректер табылып отыр. Мұның өзі Абайдың ғылыми өмірбаянын толықтыра түсуге, қоғамдық қызметтің, ақын өлеңдерінің шығу тарихын зерттеп білуге үлкен септігін тигізеді. Табылған архив деректерін уақыт белгісіне қарай бір жүйеге салып зерттеудің ақынның ғылыми ғұмырнамасын жасау үшін ерекше мәні бар.

Осы уақытқа дейінгі зерттеу еңбектерде және замандастарының айтуы бойынша, Абай ел ісіне әкесінің ырқымен ерте арапасты, ерте есейді деп ауызаша пайымдалады. Ал қағаз бетінен түскен деректер Абайдың 20 жас мөлшерінен бастап көрініс беріп, өмірінің соңына дейін жалғаса береді.

Абайдың балалық дәуіріне ең жақын, 6-7 жас шамасында қағаз бетінде аты аталатын дерек – әкесі Құнанбай Өскенбаевқа 1852 жылы 24 декабрьде толтырылған анықтамада көрсетілген орыс тілінде жазылған бұл документ 1976 жылы Москвадағы әскери-тарихи архивтен табылды. Мұнда Абайдың ата-аналары, аға-інілдері түгелдей көрсетілген. Әкесі Құнанбай жөнінде мынадай деректер айтылады: «Уш әйелге үйленген: Әйбөбек, Ұлжан, Айғызы. Бірінші әйелінен ұл балалары: Құдайберді – 30 октябрь 1830 жылы туған, Ысқақ – 11 май 1847 жылы туған, екінші әйелінен: Тәнірберді – 21 март 1834 жылы туған, Ибрагим – 15 июнь 1846 жылы туған, Оспан – 15 сентябрь 1852 жылы туған. Ушінші әйелінен: Халиолла – 11 апрель 1849 жылы туған, Смағұл – 1 июнь 1852 жылы туған»¹. «Архив деректерінде оқырмандарды ойландыратын жайлар бар. Әйбөбек деп жазылған – Күнке. Ысқақ Ұлжаннан туған, ол Күнкенің бауырында есекен, сол себептен Күнкеден туған болып жазылған.

¹ Москва. Әскери-тарихи архив. – Ф. 400, 0-50, 4 болім.

Абай осы уақытқа дейін 1845 жылы туған делініп келе жатыр. 1905 жылы «Семипалатинский листок» газеті Абайға некролог бергенде, 1845 жылы – жылан жылы туды, 1904 жылы – қоян жылы өлді деп көрсеткен². 1963 жылы баспадан шыққан М. Искаковтың «Халық календары» атты кітабына жүгінсек, «жылан» жылы – 1846 жыл болады. Олай болса архив дерегі дәл сияқты. Ал Абай ауыл молдасынан ескіше оқып хат таныды, он жасынан бастап Семейдегі Ахмет-Ризаның медресесінде 3 жыл оқыды, осы жылдары өз бетімен орыс мектебіне барып, орысша сауатын ашты. Әкесі медресені Абайдың аяқтап шығуына мүмкіндік бермей, елге қайтарып алды», – деген мағлұматтарды М. Әуезов зерттеулерінен байқаймыз³. Бұл тақырыптарда архив деректері кездеспей келеді. Қазақстанның Семейдің архивтерін қарраганымызда бір ғана мәлімет таптық. 1858 жылы 6 майда «О численности магометанских мечетей и прихожан мужского-женского пола в г. Семипалатинске» деген ведомость жасалған⁴. Семейдегі мешіттердің саны мен оның иелерінің кім екені көрсетілген. 1858 жылғы бұл мәлімет Абайдың Семейдегі оқыған кезімен сәйкес келеді. Бірақ аттары аталған мешіт иелерінің Ахмет-Ризаға жақын келетін фамилиялары жоқ. Сонда Ахмет-Риза бергі адам, Абай соның экесінен оқыды ма, ол кім, оны анықтау бізді қыындыққа әкеп тірдейді. Әйтеуір елдің айтуынша, Семей қаласындағы қазіргі Қызыләскер көшесіндегі № 108-үй Ахмет-Ризаның мешіт-медресесі болған. Мешіт 1949 жылы өртеніп кеткен де, медресе үйі сақталып тұр. Абай оқыған медресе деп осыны атап келеміз. Абайдың орыс мектебінен оқып білім алғандығы туралы да іздестіріп байқағанымызben, архив дерегіне кездесе алмадық.

Абайдың жас кезінде жазылған бір архив дерегі – оның інісі Халиолла Өскенбаевқа жазған хаты. Бұл хат Ленинградтағы Шығыс зерттеу институтының архивінде сакталған. Абайдың хаты 1866 жылы 8 марта жазылған. Халиолла бұл жылы Омбыдағы кадет корпусында оқытын. 1866 жылы 4 февральда Құнанбай аулының молласы Рабитхан Рабдыназарұғы-

² Абай музей қоры. КП-423

³ М. Әуезов. Абай Құнанбаев, 40-42-беттер.

⁴ Каз ССР архиві. – Ф. 75, 0-1, 101-а 5.

лы Халиоллаға хат жазыпты. Бұл хаттың да Абай өміріне қатысы бар: «Тәнірберді ағаныздың хатыны бір ұғыл тапты, аты – Әзімбай. Ибрахим ағаныздан бір ұғыл туды, аты – Хакімбай⁵. Бұл Абайдың үшінші баласына еке болған жылы. Архивті бірінші рет кездестіріп, жариялаған Ә. Марғұлан еді.

1979 жылы май айында Қазақстанның мемлекеттік архивінде болғанымызда «Дело об откочевке казачки Кузеновой с сыном Кучук-тобыктинской волости», – деп аталатын іспен таныстық. Іс 31 октябрь 1866 жылы жүргізілген⁶. Осы істе Сергиополь ішкі округтік приказына Абайдың атынан рапорт жазылыпты. Рапорттың басында: «Күшік-тобықты болысының управителі-нен рапорт» деп жазылған да, мынадай мазмұндағы қатынас қағаз толтырылған: «Бөкенші руының старшинасы А. Алшынбаев түсіндіруі бойынша жесір әйел Жаныс Күзенова өз ұлы Қожбақпен Абаккерейге кеткен. Ол әйелдің туыстары – Сапақов», – деп қатынас қағаздың аяғына И. Кунанбаев» орысша қол қойған. Бұл жерде Кузенованың Абаккерейден өз руластары арасына қайта көшіп келуі туралы сөз болып отыр. Орыс кеңесінен берілген қазақ әйел Күзенованың арызын анықтау үшін оны Күшік-тобықты елінің болысы (управителі) Абай Құнанбаевқа жіберген. Абай қайтадан жауап рапорт жазған да, қол қойған. Осы документке сүйенсек, Абай ел басқару ісіне 20-21 жасынан бастап-ақ қатысса керек. Әкесі Құнанбай медреседегі оқуын аяқтатпай, 14-15 жасар Абайды елге қайтарып алғып, ел басқару жұмысына баулығанда, осы мақсатты көзделген анық. Әке тәрбиессінде 4-5 жыл жүрген Абай сол 20-21 жас шамасында-ақ Күшік-тобықты еліне болыс болған. Рапортты орысша жазып баяндап, орысша қол қоюына қарағанда, Абай 20-21 жасында орысша еркін сөйлеп, сауатты жаза білген деген қорытынды шығарамыз. Абайдың орысша қойған қолы оның жігіттік шағындағы бізге кездесіп отырған бірден-бір қолтанбасы. Отес көркем, сұлу, сауатты қойылған. Абайдың бұдан кейінгі екінші қолтанбасы, қолы, 1876 жылы Қоңыр-Кекше еліне болыс болған кезде орысша жазған мәліметте де кездеседі: Онда: «Ибр.

⁵ Ленинград. Шығыс зерттеу институты. – 39 іс, 50-52 об.

⁶ КазССР архиві. – Ф. 15, 0-1, 1852.

Кунанбаев» деп койылады⁷. Ал арабша койған қолы 1876 жылы орыс-түрік соғысы кезінде орыс әскерлеріне ат, көлік, үй, тамақ, ақша беру туралы жазылған шақыру хатта бар⁸. Міне, осы уақытқа дейінгі архив деректерін зерттеу нәтижесінде Абайдың өз қол таңбасын үш рет көріп отырмыз.

Абайдың жынырма жастан бастап-ақ ел ісіне араласқанын тағы бір архив материалы дәлелдейді. 1980 жылы март айында Омбының мемлекеттік архивінде болғанымызыда: «Дело по представлению губернатора Семипалатинской области с ведомостями о движении дел за 1866 г.» – деген іспен таныстық. Батыс-Сібір генерал-губернаторына Семей облыстық басқарма мекемесі қатынас жазып, 1866 жылы неше қылмысты іс қаралғанын, нешеуі тергеліп бітпей, келесі жылға қалғанын баяндапты. Ол істер жөнінде анықтамалар жазып отырыпты. Осы документтің 42-бетінде (рет саны – 209) 2 июньде былай көрсетіліпті: «О выборе волостного управителя в Кучук-тобыктинскую волость». Бұл – қылмысты іске берілген ат. Ал не себепті деген графада: «За непроизводством новых выборов в означенную волость волостного управителя, о чем предписано Сергиопольскому приказу 8 июля 1866 г. за № 3788»⁹ (Ф. 3, О. 5, 7033). Қатынас 25 февраль 1867 жылы жазылған. Бұл Абайдың 22 жас шамасында болған іс. Сірә, Абай патша әкімдерінің бұйрығын орындалмай, сайлау жүргізбей қарсылық көрсеткен сияқты, сол үшін де жауапқа тартылса керек. Абай өмірінің осы бір кезеңі әлі жете зерттеуді қажет етеді. М. Әузов: «24 жасқа келгенде 1869-70 жылдардың қысында Абайды қалаға шақырып тергейді. Он екі үлкен іспен тергейді. Бұл жөнінде біздің қолымызыда мағлұмат жоқ», – деп жазған еді 1933 жылғы Абайдың өлеңдер жинағындағы ақынның өмірбаянында¹⁰. Шамасы сол тергеу ісі осы ма деп жорамалдаймыз. Әрине, М. Әузовтің ел адамдары аузынан жазып алған деректері мен архив материалы арасында онша көп алшақтық жоқ. Бұдан кейінгі, 1875-78 жылдардың арасында, Абайдың Қоңыр-Көкше еліне болыстық қыз-

⁷ Музей қоры. – КЛІМ. – 609.

⁸ Музей қоры. – КП. – 1888.

⁹ ООА. – Ф. 3, 0-5, 7033.

¹⁰ Музей қоры. – КП. – 1932.

метке сайланған жылдардағы кездесетін архив деректері де қоғам қайраткері демократ Абайды әр қырынан тереңірек таныта түсіп отырады.

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өз өмірінде ел билеу ісіне белсene араласып билік, болыстық қызметке сайланғанын да білетінбіз. Әкімшілік қызмет атқару арқылы да өзінің демократық, ағартушылық идеясын жузеге асырып, туған халқының арман-тілегіне пайдасын тигізуді мақсат еткен болатын. Елдің мінезіндегі жағымсыз қылыштарды құртып, оларды түзу жолға салу қоғам қайраткері Абайдың арманы еді.

Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып, –

немесе:

Адасып алаңдама жол таба алмай,
Берірек, түзу жолға шық, қамалмай, –

деген өлең шумактарынан ақынның басты мақсаты анық анфарылады. Жоғарыда ақынның қоғамдық өмірге, ел басқару ісіне кірісуі оның жиырма жас мөлшерінен басталғанын айғақтайдын соңғы жылдары табылған архив деректерін келтіре отырып баяндаған едік. Ақынның одан кейінгі дәүірде, яғни отыз жас мөлшерінен былай қарайғы ел ісіне араласуы, езілген ел мұддесін қорғаушы болған Абай жайлы архив материалдары да шежіредей сыр шертіп, оның озық ойын, әділдік-ақықат үшін күресін зорайтып, тереңдей таныта түсіп отырады. Абай басынан өткен неше алуан оқигалар көрініс береді.

1875 жылы Абай отыз жаста. Осы жылы Қоңыр-Кекше тобықты еліне болыстың управителі болып сайланған. Абайдың қолымен облыстық басқармаға өзі басқарып отырган болыстың жай-күйін баяндайтын статистикалық мәліметтер жіберіліп отырыпты. Оқып отырганда сол заманың өзін көргендей әсер береді: «1876 жылдың аяғында болыста 4163 ерек, 3393 әйел болды. Қыстайтын жерлер саны – 1004, оның 469-ы тастан, кірпіштен қаланған қыстауларда, 535-і киіз үйде қыстайды. Болыста 900 түйе, 4500 жылқы, 1350 ірі қара мал, 30150 қой-ешкі болды...» –

деп жаза келіп, одан қанша төл алынды, қыста өлгені, тамақ үшін пайдаланғаны, т. б. көрсетіледі де, болыстағы егін шаруашылығының жайын баңдайды: «19 шаңырақ егін шаруашылығымен шұғылданды. Суарылатын егіндік жерге қара бидай мен бидай 20 қап, тары мен сұлы 8 қап себіліп, одан 13 қап қара бидай мен бидай, 24 қап сұлы өнімі алынды. Суару жүйесі Мұқыр, Тақыр өзендеріне салынды, бір су тиірмен болды. Бұл болыстың адамдары өздеріне керекті 2104 қап астықты Семейден сатып алды»¹¹.

...Бұл мәліметтерді өз қолымен жазып отырған Абай елдің әлеуметтік-экономикалық хал-жайын: мал, егін шаруашылығын, елдің әлі де жартылай көшпелі, жартылай отырықшы күйде қалып отырғанын терең сезінді. Бұндай жағдайда мәденистті елдер дәрежесіне қосыла алмайтынын білді. Ақын өлеңдеріндегі отырықшылықты, егіншілікті, мәдениет, өнер, білімді терең жыр ету, елді оған шақыру – осындаі өз көзі көріп, бастан кешкен қоғамдық көріністердің сәулесі.

Абайдың осы жылдардағы болыстың қызметі жайлы Омбының мемлекеттік архивінен де деректер тауып экелдік. Қызметін жақсы атқарған ел адамдарын наградтау туралы қағаздарда Абай тұрасында былай жазылған: «Құнанбаев – Қоңыр-Көкше тобықты болысынъ управителі. Ерекше белгілері (шені, званиесі жоқ. Жылына қоғамнан 300 сом енбек ақы алады. Бұрын сотты болмаған, награда алмаған...»¹² № 2314 күәлік қағаз толтырылып, 25 октябрь 1876 жылы мерзімі қойылады да: «Қоңыр-Көкше тобықты болысынъ управителі 3-разрядты шапанмен (кафтан 3-то разряда) наградтауға. Болыстық қызметін мінсіз атқарып, тапсырылған жұмысты мезгілінде орындан отырғаны үшін»¹³, – деп генерал Казнаков қол қойып бекіткен. Абаймен бірге сайланған басқа болыстардың ешқайсысы да енбекақы алмаған, тек Абайға ғана енбек төленген. Үйткені Абайға дейін бұл елде үш жыл ішінде бес болыс орнынан түсіріліп, тергеуге алынған, сол себептен бұл елге Шынғыс болысынан әдейі әкеп, Абайды сайлатып бекіттірген Семей әскери-губернаторының өзі болатын.

¹¹ Музей қоры – КПЛМ – 609

¹² ОOA. – Ф. 3, 13267, к – 873.

¹³ ОOA. – Ф. 3, 0-8.

Абай болыстықка сайланар алдында 1871, 1872 жылдары Шыңғыс еліне Е.П. Михаэлис екі рет барған екен. Бірінші рет Облыстық правлениенің № 9423 шешімі бойынша, 1871 жылы 28 декабрьде, екінші рет 1872 жылы 4 февраль мен 26 апрель аралығында. Бұл кездерде Михаэлис Семей әскери-губернаторының ерекше тапсырмасының қызметкөрі болатын. Қазақстанның мемлекетік архивінен Шыңғыстау еліне Михаэлистің қандай іспен барғаны жайлы мәліметтер табылды. Досымбеков деген қазактың өлімі туралы іске қосымша тергеу жүргізіпті. Екінші рет барғанда да осы іске тергеу жүргізген. Семей уезінің бұрынғы судьясы Блаудың жіберген кателіктері мен қызықтарын тексеріп қайтыпты»¹⁴. Бұкіл елге дау әкелген Досымбековтың өлімін 4 ай бойы елді арапап жүріп тексерген Михаэлис осы жолы Абаймен кездесіп, танысып, оның сауатты, мәдениетті, озық ойлы адам екенін көріп, біліп, оны ел басқару ісіне қоюға ұсыныс жасауы да мүмкін деп ойлаймыз. Михаэлис пен Абайдың танысып, пікірлесіп достасу кезеңінің басы да осы кез болса кепек.

Ұлы ақынның ел ісіне араласып, қалайда халқын ілгері, іргелі ел қатарына қоссам деген ізгі арманын жергілікті бай феодалдар көре алмай, оны қудалауға ұшыратты, жалған жала жапты. Қазақстанның мемлекетік архивінде 1876, 1877 жылдардағы Абай үстінен берілген Бөрібаев дегеннің арыздары бар¹⁵. Осы іс бойынша тергеуші мынадай қорытындылар жазған: «Управитель Құнанбаев ешкімге қысым жасамаған, болыстық қызметін асыра пайдаланбаған, ешқандай пара алмаған, реесми адамдардың қатынасының өз бетімен приговор шығармаған. Бөрібаевтың арызы управитель Құнанбаевқа қарсы жалған жазылған». Бұл қорытындыға риза болмаған Бөрібаев Семейдегі уезд начальнигіне, әскери-губернаторға тағы арыз береді. 600-ден артық адамдардан жауап алынып, сұрақ сұралады. Бәрі де Абайды актап, жақтап жауап береді. Уезд начальнигі бұл тұрасында губернаторға хабарлапты: «Қоңыр-Кекше еліне бір болыс анық үш жыл тұрақтап болыс бола алған жоқ. 1872-74 жылдардың арасында Ұандық Алатаев болыс болып, сотқа

¹⁴ КазССР архиві. – Ф. 64, 0-1, 358, 292.

¹⁵ КазССР архиві. – Ф. 64, 0-1, д – 1430.

тартылады, екінші Итбай Қуандықов болып, ол сотка тартылды, үшінші Дұтпай Уандықов болып, ол сотқа берілді, төртінші Жұсіп Жаманқұлов түсірілді, аяғында үш жылдық болыстың қызметін бесінші болыс Жұзжасар Қарынбаев сайланып, аяктағы. Осы елдің қиянкестілігінен бәрі тергеліп сотты болды. Бұлай болатын себебі – әрбір ықпалды адамдар өздері болыс болғысы келеді. Бұрынғы уезд начальнигі Измайлов осы кеселдерден қашып, басқа болыстың адамын сайлау керек деп, Ибраһим Құнанбаевты ұсынды. Ол оған да, басқа халыққа белгілі, басқарғыштық қабілеті күшті, ақылды, адал адам. Бұл жөнінде Измайлов ешбір қателескен жоқ». Истің 30-бетіндегі Құнанбаев басқарған екі жарым жылдың ішіндегі тәртіптің жақсы болғанын айта келіп: «...уезд начальнигі Карпов Измайлов пікірімен ортақтас адам, ол да управитель Құнанбаевты уездегі ғана емес, облыстағы ең жақсы управитель деп біледі». Бөрібаевтың арызында: «Осы жылы сентябрьде болыстықтан ауысқанда Құнанбаев тағы да қылмыс жасады. Кетіп бара жатқан солдаттарға деп заңсыз елден 30 жылцы, 300 қой, 300 сом акша алып, солдаттарға жартысын ғана беріп, қалғанын өздері пайдаланып кетті», – деген сездер бар. Тексергенде бәрі өтірік болып шығады. Бәрі де солдаттар мұқтажына жұмсалған. Ол турасында тергеуші: «...для проходящих партий молодых солдат им действительно было собрано с общества около 300 барабанов и полученные за этих барабанов, юрты и дрова – деньги им при смене с должности были переданы волостному управителю Чимирбаю Бибулову под квитанцию, которую при этом представил управитель», – деп жазған. Бұл жерде үлкен саяси мән жатыр. Орыс-түрік соғысы жүріп жатқан кез болатын. Абай бастаған бір топ адамдардың орыс әскеріне ат, көлік, киім, қаражат беру туралы жазған шакыру, үндеу хаттары да бар еді. Бұл уақыға сонымен сәйкес келеді. Жалпақ қазақ жерін басып өткен орыс солдаттарына Абайдың көмек көрсетуі оның патриоттық сезімінен туған қоғамдық қызметінің тағы бір бетін ашып отыр. Абай бастаған адамдардың сол хатының мазмұны мынадай болып келеді.

«Біздің алыста жатқан арқага христиан дініндегілерге түріктер салған қан төгіс соғыс туралы хабар келіп жетті. Біз үшін жаудың

әділсіздігі аян. Тұріктер бізбен бір діндегі адамдар. Біз олардың кінесін көріп отырмыз. Олар бізді қорғап отырған христиан дініндегілерге қысым жасауда. Мұсылман діні басқа діндегілерге қысымға алуды талап етпейді және макұлдамайды. Олар мұсылманшылық парызын ұмытып тонау, қысым, қантөгіспен шүғылданып отыр. Жау тұріктер женілетіні бізге жарық қундей аян. Азаматтарымыз бен сәйгүлік жыл-қыларымызды әскерге қосамыз, соңғы тұяғымыз қалғанша беріп адалдығымызды қөрсетеміз. Сөйтіп, бізге тыныштық, тәртіп, заң орнаса, алғыс айтамыз. 6 декабрь 1876 жыл»¹⁶. Хаттың соңына Абай өзі бас болып қол қойған. Инісі Ысқақ, құдасы Мұсірәлі Алыбаев, уақ елінің болыстары қол қойып, орыс әскеріне көмектескен. Осы дәуірдегі том-том архивтерді ақтарып отырғанда басқа елдердің бір де болыстары дәл Абайдай үн көтеріп, қазақ елін орыс халқына көмектесуге, соғысты тоқтатуға шақырған үндеу хат кездеспейді. Бұл Абайдың демократтық идеясының, тым жоғарғы дәрежесін байқатады. Дәл осында патриот Абайды, демократ Абайды орыс әскеріне көмек үшін жинаған малдарды, ақшаны, үйді өзі пайдаланып кетті деп жала жауып сағын сындырды. Осы істің көп жылдарға созылып тексерілгені турасында Батыс-Сібір генерал-губернаторы алдында канцелярия менгерушісі Лосовский баяндама жасап, Абайды ақтап, ол турасындағы қағаздарға өзі қол қойып отырады¹⁷.

Міне, үш жыл болыс болғандағы Абайдың көрген күні... болыстықтан әбден көнілі қалады, өз еркімен одан босайды. Әділет-сіздік заманда ел басқару оңай жұмыс емес екеніне көзі әбден жетеді.

Колдан келе бере ме жұрт менгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек.
Мақтандың қайратсыз болыс болмақ,
Иттей кор бол өзіне сөз келтірмек, –

деген өлең ел басқару ісінің азабынан туған ақын ойын бейнелейді. Бұдан Абай 1875-78 жылдардан кейін қоғамдық жұмыс-

¹⁶ Музей қоры. – КП. – 1988.

¹⁷ ҚазССР архиві. – Ф. 64, 0-1, д – 1430.

тарға қатысын тоқтатты деген ұғым тумайды, қайта сексенінші жылдардан басталатын ақынның қоғамдық күресі, озық ойы одан әрі дамып, үдей түседі. Оның төтенше съездерге қатысы, жер дауы, жесір дауына билік айтуы, орыс әкімдерімен кездесуі, заң ережелерін жасауға, ағарту ісіне қатыстары туралы архив де-ректері кемелденген Абайды әр қырынан көрсете түседі. Абайдың өмір құбылыстарынан түйген ақындық ойы өлең өрнегіне түсіп, мол жазатын кезі де 80-жылдардан басталады.

ТҮСІНІКТЕР

Жұмабаев Ф. Абайдың реализмі. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Тогжанов Ф. Абай. – Қазан, 1935. – 55-66-беттер; Абай институтының вебсайты.

Машанов А. Абай үшкілі. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Машанов А. Әл-Фарраби және Абай. – Алматы, 1994. – 118-138-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қаратаев М. Пушкин мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қаратаев М. Пушкин мен Абай / М. Қаратаев Тұган әдебиет туралы ойлар. – Алматы, 1958. – 112-121-беттер; Абай институтының вебсайты.

Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбайұлы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбаев / Ы. Дүйсенбаев Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.

Кенжебаев Б. Абай шығармаларының соңғы басылуы туралы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: // Социалист Қазақстан. – 1955. – 29 май (№26 (9708); Абай институтының вебсайты.

Нұртазин Т. Абай және әдеби жастар. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы, 1968. – 141-148-беттер; Абай институтының вебсайты.

Сүйіншәлиев Х. Абай Құнанбаев (1845-1904). Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 2006. – 836-887-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қирабаев С. Абайтанудың кезекті міндеттері туралы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қирабаев С. Қоң томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 5-т. – 30-42-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қабдолов З. Абайдың бір елені. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қабдолов З. Қөзқарас: талдаулар мен толғаистар. – Алматы: Рауан, 1996. – 5-9-беттер; Абай институтының вебсайты.

Кекішев Т. Асылдың сыйныбы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Кекішев Т. Қоң томдық шығармалар жинағы / Тұрсынбек Кекішев. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 5-т. – 134-153-беттер.

Бердібаев Р. Ұлылыққа жартынеш түсінік журнейді. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Бердібай Р. Ел боламыз десек... – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2000. – 232-237-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қасқабасов С. Абай және фольклор. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 1995. – 64 бет; Абай институтының вебсайты.

Жиреншин Ә. Ақындық мәдениеті. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Жиреншин Ә. Ақындық мәдениеті. Кітапта: Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революциясын демократтары. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1959. – 144-158 беттер; Абай институтының вебсайты.

Бейсенбаев М. Абай туралы тың деректер. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Бейсенбаев М. Абай және оның заманы (Абай ізімен): әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. – Алматы: Жазуышы, 1988. – 8-18 беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Тогжанов Ф. АБАЙДЫҢ РЕАЛИЗМІ	3
Машанов А. АБАЙ УШКІЛІ	12
Қаратаев М. ПУШКИН МЕН АБАЙ	37
Дүйсенбаев Ы. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ	47
Кенжебаев Б. АБАЙ ШЫГАРМАЛАРЫНЫң СОҢҒЫ БАСЫЛУЫ ТУРАЛЫ	110
Нұртазин Т. АБАЙ ЖӘНЕ ӨДЕБИ ЖАСТАР	118
Сүйіншәлиев Х. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904)	127
Кирабаев С. АБАЙТАНУДЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МИНДЕТТЕРИ ТУРАЛЫ	188
Қабдолов З. АБАЙДЫҢ БİR ӨЛЕНДІ	202
Қекішев Т. АСЫЛДЫҢ СЫНЫФЫ	206
Бердібаев Р. ҰЛЫЛЫҚҚА ЖАРТЫКЕШ ТҮСІНІК ЖУРМЕЙДІ	225
Қасқабасов С. АБАЙ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР	232
Жиреншин Ә. АҚЫНДЫҚ МӘДЕНИЕТІ	269
Бейсенбаев М. АБАЙ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР	285
ТҮСІНІКТЕР	295

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**

XI том

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Y. Әбдіқайымова*

ИБ№10468

Басуга 03.03.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №6144.
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.